

«Момынай» жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2023-2024 оқу жылында өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет

1-11 сынып оқушылары мектеп кітапханасы қорындағы оқулықтармен толық қамтылды. Қайта өзгертіліп басылып шыққан 2 сыныптың Русский язык оқулығы және жеткіліксіз оқулықтарға сұраныс беріліп, сұраныс бойынша кітаптар алынды. Жалпы 1-11 сынып оқушылары 100 пайыз оқулықпен қамтамасыз етілді.

Кітапхана жұмысының негізгі бақылау көрсеткіштері

1	Оқырмандар саны	378	
2	Оның ішінде мұғалім	69	
3	Оқырман оқушы	309	
4	Кітапханаға келімі	3348	
5	Кітаптың берілімі	5022	
6	Кітапхана көлемі	46 шаршы м	
7	Оқу залы	8 орындық	
8	Негізгі қор	13474	
9	Көркем әдебиетер қоры	4582	
10	Оқулықтар қоры	8892	
11	Электронды оқулықтар	80	

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Мектеп кітапханасы – мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі – оқу тәрбие жоспарына негізделеді.

Кітапханалық қор мектептің білім беру және сыныптан тыс оқу бағдарламасына сәйкес құрылады.

Кітапхана қызметінің бағыттары:

-оқу тәрбие үрдісін оқушыларға және мұғалімдерге кітапхана-библиографиялық қызмет көрсету арқылы қамтамасыз ету.

-ақпараттық мәдениет және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

-оқу тәрбие үрдісін және оқырмандардың өздігінен білім алуын қамтамасыз ету.

Кітапхана қорының есебі бойынша қажетті құжаттамалар жүргізіледі. Басылымдар есебі жинақ бойынша түгендеу кітаптары, тіркеу карточкаларының есеп журналы бойынша орындалады. Оқулықтарды және оқу құралдарын ұқыпты ұстау бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес, оқушылармен жүйелі түрде жұмыстар жүргізілді. Оқулықтарды тексеру бойынша рейдтер өткізілді. Рейд өткізуге әр сыныптан кітап секторлары сайланды. Әр тоқсанның соңында қарыз оқырмандармен жұмыс жүргізілді. Оқушының білімділік танымын, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітапханаға тарту мақсатында іс-шаралар өткізілді.

*Кітап көрмесі

*Поэтикалық марафон

*Оқу сағаттары

*Оқырман әдеби кештері

*Оқырман конференциясы

*Библиографиялық шолу

Кітапхана жұмысының негізгі мақсаты : Мектеп кітапханасы - мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі-оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытары анық. Президент ұсынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу

2023-2024 оқу жылында мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы бағдарламасы» аясында, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын насихаттау жайлы оқырмандарды кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, кітап әлемі киелі дүние екеніне көз жеткізу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Жыл бойы атқарылатын жылдық жұмыс жоспары түзіліді. Мектеп оқырмандарын кітапханамен байланысын

жандандыру мақсатында атаулы күндер ,қаламгерлердің мерейтойларына қатысты әдеби кештер,тәрбие сағаттары,ертеңгіліктер, оқырман челенджері, дебаттар өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» кітап көрмесі ұйымдастырылған. Кітапхана қорын толықтыру мақсатында аудандық білім бөлімінен биылғы оқу жылында 61 дана көркем әдебиет және «Кітапханаға кітап сыйла»акциясы арқылы 16 дана қазақ тіліндегі әдеби кітаптармен толықтырылды.

«Үздік сыйлық- бұл кітап» кітапханаға бастауыш сынып мұғалімі Ортаева Қарлығаш және Өзін өзі басқару ұйымының мүшелері де кітапханаға «Qasym»баспасынан кітаптарды сыйға тартты

<https://www.facebook.com/share/p/m7snK8svrY6EaUay/?mibextid=qi2Omg>

1 қыркүйек «Білім күніне» орай «Мектебім мақтанышым»тақырыбына бұрыштама жасалынып,кітапханаға ашық есік күні ұйымдастырылды.

5 қыркүйек «Халықаралық тілдері күні» , «Рух мақтанышы туған тіл» кітап көрмесі жасалынды.

Кітапхана оқу залында «Балалар әдебиеті барша әдебиеттің баспалдағы», «Бір ел-бір кітап», «Мерейтой иегерлері», «Абай дана-Абай дара», «Оқуға құштар мектеп» «Менің сүйікті кітабым» атты тұрақты кітап көрмелері және «Коворкинг »орталығына бұрыш , «Буккроссинг » мектеп фойесіне рәсімделген . « Жаңа кітаптар оқырман игілігіне» тақырыбымен қорға келген кітаптарға презентация дер кезінде жасалынып,оқушыларға ұсынылды.

Оқырмандарды кітапханаға тарту,кітап оқу ,қызығушылықты ояту және дамыту ,кітаппен қарым-қатынас қуанышын қайтару мәселесі кез –келген кітапхананың күн тәртібінде тұр.

«Оқуға құштар мектеп »жобасы аясында «Республикалық балалар оқуы» қазан айында өтті.7-10 сыныптар аралығында ,9 сынып оқушысы Т.Тажібекова ,10 сынып оқушысы Ахтай Дана .Әр оқырман санатына екі кітаптан берілді. Байқау екі турдан . 1-ші тест,2-ші эссе жазу. Осы байқауың нәтижесінде Ахтай Дана ауданнан 1-ші орын ,облыстық кезеңнен 3-ші орынды иеленді. Ақшалай сыйлық ,сертификатпен марапатталды.

Бір ел-бір кітап акциясына 2023 жылы жазушы Төлен Әбдіковтің шығармалары ,ал 2024 жылы балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың шығармалары таңдалынған .5-8 сыныптар арасында насихатталынып ,талданды. Төлен Әбдіковтың «Әке», «Парасат майданы»,«Оң

қол»шығармасы желісі бойынша әңгіме айтылып нәтижесінде оқырмандардың қызығушылығы артып ,шығарманы оқуға ынталары артты.

<https://www.facebook.com/share/p/uBfk964iUjkXhrVK/?mibextid=qi2Omg>

«Балалар кітапханасы» аясында «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» тақырыбындағы кітап көрмесіне шолу жасалынды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02j5vs4LXkbc1eDF3L96zTqHTWV1PkbmpbDL1a3W8L66uLbA2wjvRN2S1ijJPLaG6Ul&id=100038183341321&sfnsn=wa&mibextid=WBapUd

Қазақ тілі мен әдебиеті апталығында «Мерей той иегерлерінің » көрмесі ұйымдастырылып, пән мұғалімдері әр ақын-жазушының шығарма желісі бойынша ашық сабақтар өткізіп «Ақындар өлеңін жатқа айту»сайысы болды

<https://www.facebook.com/share/9ygwtwtC8JZeNQr1/?mibextid=xfxF2i>

«Кітап маған тақтан да қымбат!» «КітапХАН» кітап оқу жобасына 10 сынып оқушысы Ахтай Дана қатысып, апталықтан 1-орын, айлықтан 2-орынға ие болды.

9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туған күніне «Қасиетін сезем деп ана тілдің ,қауырсыны қалмады қанатымның»тақырыбында оқырмандар сүйікті ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

<https://www.facebook.com/share/p/vcwbBPSmCFBmvwmJ/?mibextid=Ih8VBc>

«Кітап оқып жақсы өмірге қадам басайық!»20 минуттық кітап оқу сынып жетекшілер әр айдың бір күнгі тәрбие сағаттарында өтуге жоспарлаған.

«Кітаптар тұрағы » 1,2 сынып оқушылары кітапханаға саяхат жасап,ертегі кітаптармен танысты, кітапхана оқырманы ретінде тіркелді.

«Оқы және өзгемен бөліс» Буккроссинг бұрышы ұйымдастырылып ,жалғасын табуда.

<https://www.facebook.com/share/v/1SqYJSDXeJnW4RZ4/?mibextid=xfxF2i>

«Мақал сөздің азығы ,жұмбақ ойдың қазығы» 6 сынып оқушылары арасында сайс өткізілді. Суреттерге қарап мақалдың жалғасын тауып,жұмбақтар шешті.

«Оқуға құштар мектеп»,»Балалар кітапханасы»жобалары аясында «Сүйікті кітабым»Республикалық челенджге оқушылар өздері оқыған кітаптарын насихаттап, фейзбук желісіне жарияланды.

<https://www.facebook.com/share/v6w2QE9arR3hfxqn/?mibextid=xfxF2i>

«Мен оқыған бір кітап» РЕАД-х әдісі арқылы Ағылшын тілі апталығында 9-10 сыныптың оқушылары бейнеролик жасап ,шығарма желісі бойынша ,өзге оқырмандарға насихаттап берді. Бұл іс-шарада 10 сынып оқушылары Ахтай Дана,Шайзада Аяулым,Кемелхан Аружандар кітапты ағылшын тілінде де айтып берді.

<https://www.facebook.com/share/p/3WNYkqZ4iMkeSKjw/?mibextid=qi2Omg>

Ұлттық-салт дәстүрімізді дәріптеу мақсатында , Наурыз мерекесіне орай көрме ұйымдастырылып , «Отбасы хрестоматиясынан»шыққан «Әлдиден эпосқа дейін»атты кітабына 5-7 сынып оқушыларына шолу жасалынып асықтар арқылы ойындар ойнатылды

<https://www.facebook.com/share/iPyMfkZxUMtBAqK2/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/4LRSh4fiXyRdBDhv/?mibextid=xfxF2i>

Отбасылық кітап оқу «Отбасым бақыт мекенім» тақырыбында оқушылар демалыс кезінде оқыған кітаптарын ата-аналарымен ,бауырларымен бірге оқиды.Бейнероликтер жасап ,суреттер салады.Ата-аналар жиналыстарында кітап оқуды насихаттау мақсатында ойындар ойнатылды.

«Тоғыз айға -9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында челенджге 9-10 сынып оқушылары Солтүстік Қазақстан облысы ұсынған Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты»романын қабыл алып ,оқып челенджді жалғастыруға басқа мектептерге жолдап,фейзбук желісіне жариялады.

<https://www.facebook.com/share/v/uE6MWwmThYjHUXUu/?mibextid=xfxF2i>

2-сәуір «Ертегі әлемі шақырады» кітап көрмесі жасалынып бастауыш сыныптар арасында тақпақтар оқылып,ертегілер тыңдалды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1130064438033034&id=100030884649191&mibextid=VhDh1V

12 сәуір күні 8«Ә»сынып оқушыларымен қазақ КССР Ғылым Академиясының академигі Қаныш Сәтбаевтің туғанына 125жыл «Әлем таныған Сәтбаев»тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/bcqrRxz1yxdXavWj/?mibextid=xfxF2i>

«Кітап патшалығындағы мереке » тақырыбында 10 күндік декада бойынша Ашық есік күні » өткізілді

23 сәуір Халықаралық кітап және аторлық құқық қорғау күніне орай аудан мектептері арасында 8- 10 сыныптар арасында «Кітаптар сөйлейді» әдеби марфон және «Біз кітаппен өсеміз» тақырыбында оқырман байқауы өткізілді. Оқушылар оқыған кітаптарын насихаттап, бір шығарма желісі бойынша сахналық қойылым қойылды. Нәтижесінде Момынай жалпы білім беретін мектеп оқушылары «Күншуақ» тобы бірінші орынға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/McZBCe1pNvcSJrr2/?mibextid=xfxF2i>

Сонымен қатар патриоттық тәрбие барысында «Ауған асуында от кешкендер» атты тақырыппен кездесу өткізілді


<https://www.facebook.com/share/cNiKmmKrUZCNzBBg/?mibextid=xfxF2i>

«Желтоқсан желі ызғарлы» желтоқсан оқиғасының куәгерімен кездесу

<https://www.facebook.com/share/p/qi8GoYeARJENQ6dt/?mibextid=qi2Omg>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар оқыған кітаптарынан буктрейлер жасады

<https://www.facebook.com/share/p/RELozx8xxFhftw1y/?mibextid=qi2Omg>

Кітапхана меңгерушісі:  Ж.Шымыралиева